

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) "Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.02.2021 № 39 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1045 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Бағдарламаның паспортына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.02.2021 № 39 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздер	Бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына; "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауына және 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласына; Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар
Бағдарламаның мақсаты	Мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу
Бағдарламаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту <ol style="list-style-type: none"> 1.1 Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін ортологиялық кодтау. 1.2 Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілінің салалық терминдер жүйесін жетілдіру , біріздендіру және кодтау . 1.3 Ономастикалық кеңістікті латын графикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау. 1.4 "Қазақ тілінің ұлттық корпусы" жобасын іске асыру. 2. Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту <ol style="list-style-type: none"> 2.1 Білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру . 2.2 Мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру . 2.3 Ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру . 2.4 Мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру. 2.5 Халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту. 3. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту <ol style="list-style-type: none"> 3.1 Орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданылуы. 3.2 Этностық топтардың тілдерін дамыту. 3.3 Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын арттыру.

Іске асыру мерзімдері	2020 – 2025 жылдар
Нысаналы индикаторлар	1) латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылар үлесі : 2022 жылы – 10 %, 2023 жылы – 20 %, 2024 жылы – 30%, 2025 жылы – 50 %; 2) мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 90,5 %, 2021 жылы – 91 %, 2022 жылы – 92 %, 2023 жылы – 93 %, 2024 жылы – 94 %, 2025 жылы – 95 %; 3) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі: 2020 жылы – 74 %, 2021 жылы – 75 %, 2022 жылы – 76 %, 2023 жылы – 77 %, 2024 жылы – 78 % , 2 0 2 5 жы лы – 7 9 % ; 4) үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 26%, 2021 жылы – 27%, 2022 жылы – 28%, 2023 жылы – 29%, 2024 жылы – 30%, 2025 жылы – 31%
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны іске асыруға 2020 – 2025 жылдары республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалатын болады. Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен жалпы шығындар 16989,9 млн. теңгені құрады. 2020 – 2025 жылдарға арналған Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына; "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауына және 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласына, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Көрсетілген нормативтік құжаттар төменде көрсетілген мәселелер бойынша осы Бағдарламаның негізгі мақсаты мен басты міндеттерін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды" деп белгіленген. Сондай-ақ, 93-бабында "Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті" деп көрсетілген. Конституцияның бұл ережелері осы Бағдарламаның әзірленуіне және іске асырылуына басты негіз болып табылады.

Бағдарламаның "Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту" атты бірінші және "Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту" атты үшінші бағыттарын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының "Тілдік жаңғыру" деген 6.7 және "Әлемдегі үздік білімге қол жеткізу бастамасы" 6.8-тармақтарында көрсетілген міндеттер негіз болып табылады. Стратегиялық даму жоспарының осы міндеттерінде шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін үйрету мүмкіндіктерімен халықты барынша мол қамту қамтамасыз етіледі. Білім берудің барлық деңгейлерінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша үштілділікті енгізу жалғасады. Бағдарлама шеңберінде қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру жүзеге асырылады. Осы бастаманың шеңберінде әлемдік үздік тәжірибенің оң элементтерінің қолданыстағы мәдени-білім беру модельдерімен және стандарттарымен синтезделуін қамтамасыз етудің маңызы зор. Бұл үшін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік кітаптар қазақ тіліне аударылатын болады.

Сондай-ақ, Бағдарламаның барлық бағыттары, әсіресе қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жолымен қазақ тілін жаңғырту жөніндегі міндеттерді қамтитын бірінші бағыты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында берілген мынадай тапсырмасын орындауды көздейді: "Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық".

Бағдарламада Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру көзделеді. Мемлекет басшысы нақты шаралар негізінде еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасау және қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту қажеттігін атап өтті.

Осыған байланысты Бағдарламада Қазақстан аумағындағы терең тарихи, мәдени және психологиялық базасы бар мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретінде толыққанды қолданылуы қажетті шаралар көзделген.

Сондай-ақ Бағдарлама этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға, оның ішінде ел азаматтарының лингвистикалық капиталын ұлғайтуға қолайлы жағдай жасауға негіз болып табылады.

Бағдарлама тілдің ағымдағы ахуалы, сондай-ақ тіл, тіл құрылысы және тіл саясаты мәселелерімен айналысатын сарапшылар қауымдастығының пікірлері мен ұсыныстары ескеріле отырып әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде алдыңғы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру

нәтижелері мұқият талданды, мемлекеттік тіл саясатын құқықтық реттеу саласындағы 20-дан астам шет елдердің тәжірибесі зерделенді.

Бағдарламада көзделген мақсаттар мен міндеттер Бағдарламаны іске асырудың бүкіл кезеңіне арнап уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейтін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін Іс-шаралар жоспары арқылы іске асырылады.

Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар жалпы мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени, тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған. Бағдарлама Конституцияның 7-бабына және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қаулысына қатаң сәйкестікте әзірленген.

Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі қажетті нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және негізгі бағдарламалық мақсаттар мен міндеттерді мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына интеграциялау арқылы, сондай-ақ осы Бағдарламаның шеңберінде көзделген шаралар кешенімен қамтамасыз етілетін болады.

Бағдарламаның іс-шаралар жүйесі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, мектеп, орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы азаматтарын ішінара қамти отырып, негізінен ересектерге бағдарланған.

Сонымен қатар, осы іс-шаралардың практикалық нәтижелеріне қол жеткізу үшін республиканың барлық мемлекеттік органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің, оның ішінде ұлттық компаниялар мен қаржы ұйымдарының бірлескен күш-жігері қажет.

Бағдарламада саланы былайша дамыту көзделеді:

мемлекеттік тілдің нормативтік базасын күшейту жөніндегі шараларды іске асыру және оны аспаптық әдістермен (ынталандыру, көтермелеу және басқалары) жетілдіру, ғылым және білім, экономика, қаржы және басқару, сот ісін жүргізу және заңнама, сондай-ақ БАҚ пен интернет кеңістік саласында қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту ;

қазақ тілінің грамматикалық, лексика-фразеологиялық, оның ішінде терминологиялық және ономастикалық ресурстарын зерттеу, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет, интернет-ресурстар, онлайн оқулықтар, ортологиялық және басқа да құралдар арқылы жаңа ғылыми-лингвистикалық білімді дәріптеу жөніндегі шараларды қолдау;

халықаралық коммуникациялық алаңдарда қазақ тілін қолдануды өрістетуге және оны шетелде оқыту бойынша жұмыстарды іске асыру;

отандық және халықаралық коммуникация алаңдарында қазақ тілінің латын графикалы кеңістігін қалыптастыру, ұйымдастыру, реттеу және дамыту жөніндегі шараларды іске асыру;

Қазақстан аумағында қазақ тілінің этносаралық коммуникация тілі ретіндегі мәртебесін нығайтуға, қолданысын кеңейтуге арналған шаралар кешенін жүзеге асыру;

Қазақстан мәдениетінің тілдік алуан түрлілігін қалыптастыратын этностардың тілдерін сақтау үшін жағдай жасау салаларын дамыту.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасында қолайлы әлеуметтік-тілдік кеңістік құру тіл саясатын кезең-кезеңмен іске асыру арқылы жолға қойылған.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету болды.

Осы Бағдарламаны іске асыру қорытындылары Қазақстан Республикасындағы тіл құрылысының одан әрі дамуын қамтамасыз етті:

1) мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымы айтарлықтай кеңейді: қазақ тілінде оқытып, тәрбие беретін ұйымдар – 5644, мектептер – 3798, мемлекеттік тілді оқыту орталықтары – 90;

2) іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру белсенді жүзеге асырылуда (мемлекеттік органдарда қазақ тіліндегі шығыс құжаттарының үлес салмағы шамамен 93 %-ті құрайды);

3) 246 баспа жобасы іске асырылды, олардың ішінде 72 оқу-әдістемелік құрал, 49 балаларға арналған кітап, 46 салалық сөздік және 70 танымдық, ғылыми, публицистикалық кітап жарық көрді. "Қазақ сөздігі" атты қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі және инновациялық негізде әзірленген "Даналық әліппесі" атты оқыту кешені жарық көрді;

4) реали-шоулар, қазақ тілін оқыту сабақтары, анимациялық фильмдер және т.б. бірқатар тележобалар іске асырылды;

5) IELTS (Ұлыбритания) және TOEFL (Америка Құрама Штаттары) үлгісі бойынша тілді бағалаудың көпдеңгейлі "Қазтест" жүйесі әзірленді.

Бұл жүйенің шеңберінде тіл үйренушінің қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтайтын Ұлттық стандарт әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Ұлттық стандартта лауазым, кәсіп, мамандық иелерінің қазақ тілін қай деңгейде меңгеру қажеттігін анықтайтын тізбе белгіленді. Ұлттық стандарттың негізінде Ересектерге қазақ тілін оқытудың үлгілік бағдарламасы әзірленіп, қолданысқа енгізілді және тілді оқыту процестері мен әдістемелік құралдар мазмұны жүйеленді, әрбір тілдік деңгей бойынша лексикалық минимум әзірленді;

6) мемлекеттік тіл орталықтарын аккредиттеу жүйесінің әдіснамасы әзірленді;

7) шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің ана тілін үйренуі үшін жүйелі түрде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетілді. Еуропа қазақтарының дәстүрлі кіші құрылтайы мен өнер фестивалі өткізілді, сондай-ақ шетелдегі

отандастардың тыныс-тіршілігі мәселелері бойынша әлеуметтанушылық және талдамалық зерттеулер жүргізілді;

8) қазақтілді интернет-ресурстарды, контенттерді дамыту мақсатында құрылған интернет-ресурстар (сервистің 20-дан астам түрі) үнемі жаңартылып тұрады. Мәселен, "Tilalemi.kz" және "Atau.kz" ономастикалық, "Emle.kz" орфографиялық, "Termincom.kz" терминологиялық порталдары кең қолданысқа ие болды;

9) мемлекеттік тілді үйрету процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында тілді қашықтан оқыту курстарының саны ұлғайды;

10) мемлекеттік тілдің коммуникативтік функциясы нығайды. мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) контентінде электрондық БАҚ-та қазақ тіліндегі хабар көлемі, сондай-ақ баспа БАҚ-та мемлекеттік тілдің үлесі 73 %-тен жоғары;

11) Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі құрылды.

Сонымен бірге осы кезеңде (2011 – 2019 жж.) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында бірқатар проблемалы аспектілер айқындалды.

Қоғамда мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің біркелкі болмауы.

Әлеуметтік-коммуникативтік ортада мемлекеттік тілді қолдануды ынталандырудың төмен болуы.

Бұл бағыттағы проблемалы мәселелерді шешу, ең алдымен, халықаралық коммуникация, туризм, заңнама, білім беру, отбасылық тәрбие және демалыс саласында мемлекеттік тілді белсенді қолдану салаларын кеңейтуге, сондай-ақ оны ғылым, медицина, сауда және жаңа технологиялар саласында дамытуға байланысты. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәртебесін жоғарылату, мемлекеттік тілді рухани-мәдени құндылық ретінде дәріптеу маңызды міндеттер болып табылады.

Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоспарланған көрсеткіштер 2018 жылы сәтті орындалды: нысаналы индикаторлар – 100 %; тиімділік көрсеткіштері – 83,3 %; іс-шараларды орындауға бөлінген қаражатты игеру – 100 %.

Бағдарламаның тиімді орындалу сапасын Қазақстандағы тіл саясатына қанағаттанушылық дәрежесіне қатысты қоғамдық пікір сауалнамасының нәтижелері бойынша да бағалауға болады: респонденттердің 45,3 %-і "толықтай байыпты, ойластырылған, ұлттық келісімді қалыптастыратын дұрыс саясат" деп есептейді. Респонденттердің 28,6 %-і "барлығы дұрыс айтады, бірақ сөздер мен іс-әрекеттердің арасында сәйкессіздік бар" деп есептейді. Респонденттердің 13,0 %-і "қазақ тілін саналы түрде қолдау, басқа тілдерді елемеу және оларға қысым көрсету басым" деп есептейді. Ал 8,2 %-і "тұрақтылықты сақтау мақсатында қазақ тілінің мүддесі ескерілмейді" деп санайды. Респонденттердің тек 2,9 %-і жүргізіліп жатқан тіл саясатына көңілдері толмайды.

Жинақталған мәліметтер жүргізіліп жатқан тіл саясаты үшін жалпы қолайлы жағдай қалыптасқанын көрсетті.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мынадай тілдік құзыреттіліктер бар:

қазақтілділер;

қазақ-орыс қостілділер;

орыстілділер;

этникалық-қазақша, этникалық-орысша қостілділер немесе этникалық-орысша-қазақша үштілділік;

қазақ-орыс-ағылшын үштілділік.

Қазақстандағы қазіргі тілдік ахуал мынадай әлеуметтік лингвистикалық өлшемшарттармен сипатталады:

Біріншіден, қазақ тілінде сөйлейтін халықтың саны артып келеді. Ресми мәліметтер бойынша Қазақстандағы түркітілдес халықтардың ішінде өзбектердің 95,5 %-ті, ұйғырлардың 93,7 %-і, қырғыздардың 92,7 %-і қазақ тілін тұрмыстық деңгейде, ал 12 %-і жоғары деңгейде меңгерген. Славян этностары өкілдерінің арасында ауызекі қазақ тілін орыстардың 25 %-і, украиндардың 21,05 %-і, белорустардың 19 %-і, поляктардың 20,9 %-і, сондай-ақ неміс этностарының 24 %-і түсінеді. Көрсетілген этностар ішінде қазақша оқып, жаза білетіндердің үлесі – 2,9 %-ті құрайды.

Көрсетілген өзгерістер мемлекеттік тілдің қолданылу сапасын арттыруды талап етеді;

екіншіден, мемлекеттік тілдің демографиялық базасының күшеюі қоғамдық санадағы сапалық өзгерістерді тудырды. Этносаралық коммуникация мен ресми коммуникация саласында да мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңеюде.

Әлеуметтік-саяси параметр

Тілдің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қоғамдық инфрақұрылымдардың болуы (білім беру мекемелері, мерзімді басылымдар, тіл орталықтары, телерадиокомпаниялар, кітап шығару және т. б.).

Қазақстан Республикасының аумағында қазақ тілінің әлеуметтік инфрақұрылымы қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, барлық мемлекеттік мекемелер мемлекеттік тілде іс жүргізеді және білім береді.

Проблема. Дегенмен бұл инфрақұрылымдар қазақ тілінде ұсынатын өнімнің, ақпараттың сапасы қоғамның сұранысына әрдайым сай келе бермейді. Атап айтқанда, басқару жүйесінде, жаратылыстану және инженерлік-техникалық ғылым мен білім беруде, дипломатиялық қатынаста, бизнес және қаржы секторында қазақ тілінің қолданылу аясы – кеңейтуді, ал сапасы – жетілдіруді талап етеді.

Тілдің корпустық және мәртебелік жоспарлануы бойынша жүргізілетін нысаналы тіл саясатының іске асырылуы

Корпустық жоспарлау. Мемлекеттік тілдің ғылыми-лингвистикалық базасы құрылды: ортологиялық еңбектер әзірленіп, таратылды, терминологиялық жүйені

реттеу бойынша жұмыстар басталды, ономастикалық кеңістікті реттеу шаралары қабылданды. Айталық, 2007 жылы алғаш рет жалпы таралымы 100 мың дана қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, диалектологиялық, фразеологиялық сөздіктері, синонимдер сөздігі мен қазақ тіліндегі эпитеттер сөздігі таратылды. Иллюстрациялық материалы бар 93 мың сөзді қамтитын лингвомәдениеттанушылық сипаттағы 15 томдық "Қазақ әдеби тілінің сөздігі" (2011ж.), 106 мың сөзді қамтитын қазақ тілінің тұңғыш үлкен "Қазақ сөздігі" түсіндірме сөздігі жарық көрді. 15 томдық "Қазақ әдеби тілі сөздігінің" (ikitap.kz), "Қазақ сөздігінің" (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сайты) электрондық нұсқалары интернет ресурстарда қолжетімді. Сонымен қатар, "Tilalemi.kz" порталы, "Atau.kz" ономастикалық базасы, "Emle.kz" орфографиялық базасы, "Termincom.kz" базасы, "Tilmedia.kz" үш тілді сайты, балаларға арналған "Balatili.kz" және барлық салалар үшін құжаттарды қазақ тілінде дұрыс толтыру нұсқаулықтары берілген "Qijat.kz" сайттары жұмыс жасауда.

Ономастикалық кеңістікті реттеу жұмысы жандандырылды. Айталық, 2018 жылы Павлодар облысының Качир және Лебяжі аудандарының атаулары Тереңкөл және Аққулы болып өзгертілді. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта аталды. Батыс Қазақстан облысындағы Чингирлау ауданының атауы ұлттық тіл заңдылығына сәйкес Шыңғырлау болып қайта аталды. Шығыс Қазақстан облысында Зырян ауданы және Зырян қаласы тиісінше Алтай ауданы және Алтай қаласы болып қайта аталды.

Жалпы алғанда, тәуелсіздік жылдары республика бойынша 20-ға жуық аудан, қала, облыс, 1500-ге жуық елді мекен, 1400-ге жуық объект (білім, мәдениет, спорт мекемелері және т.б.), 85 теміржол станциялары, 25000-ға жуық ономастикалық (көше, даңғыл, шағын аудан және т.б.) атаулар қайта аталды.

Проблема. Белсенді қолданылып жүрген салалық кірме терминдерді ұлттық терминдік жүйеге енгізу қағидаттарын ұстану, ұлттық терминжасау жолдары мен нақты заңдылықтарын айқындау, терминдерді бекіту және бекітілген терминдерді насихаттау арқылы ұлттық терминологиялық жүйені біріздендіру, сондай-ақ терминдердің латын графикалы әліпби негізінде жазылуына қатысты ортологиялық құралдарды қайта дайындау, олардың жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету аса маңызды.

Идеологиялық жағынан ескірген ономастикалық атауларды өзгерту, географиялық объектілерге ұлттық атау беру процесін жандандыру маңызды. Берілген атаулардың осы объектінің функциясымен сәйкес келуі, трансшекаралық аумақтардағы географиялық объектілердің тарихи атауларын қалпына келтіру, атаулардың графикалық таңбалануындағы бірізділікті сақтау мәселелерін үйлестіру қажет.

Мәртебелік жоспарлауда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, нормативтік базаны күшейту бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Проблема. Қоғамның кейбір салаларында мемлекеттік тіл өзінің нормативтік-құқықтық мәртебесіне лайық деңгейде қолданылмайды.

ТМД елдерінде, атап айтқанда, Әзербайжанда, Өзбекстанда, Латвияда, Литвада, Эстонияда, Молдовада, Арменияда, Грузияда заң жүзінде тек мемлекеттік тілдің ғана мәртебесі бекітілген.

Демек тіл саясатында жүзеге асырылатын тілдің мәртебелік жоспарлануы үшін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру керек.

Әлеуметтік-демографиялық параметр

1. Республика аумағында басқа тілдік қауымдастықтармен салыстырғанда қазақ тілінде сөйлейтіндердің үлесі

2009 жылғы халық санағының мәліметтері халықтың 74 %-і қазақ тілін ауызша түсінетінін, 64,8 %-і еркін оқитынын, 62 %-і еркін жазатынын көрсетті. Ал соңғы әлеуметтік зерттеу (2018 ж.) нәтижелері орыс диаспорасы өкілдерінің 2,7 %-і, өзге этнос өкілдерінің 9,4 %-і қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткенін анықтап отыр. Осылайша, қазақ тілінде сөйлейтіндердің үлесі қазақ этносының есебінен ғана емес, сондай-ақ өзге этнос өкілдерінің есебінен де артып отыр.

2. Қазақ тілінде ана тілі ретінде сөйлейтіндердің үлесі

2009 жылғы халық санағы қазақ тілін ана тілім деп танитындардың үлесі халықтың жалпы санына шаққанда 62,4 %-ті құрағанын көрсетті, 2018 жылғы статистикалық деректер қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткен қазақтардың үлесі 95 % екенін анықтады.

2017 – 2018 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың 66 %-і қазақ мектептерінде, ЖОО студенттерінің 65 %-і қазақ бөлімдерінде білім алды.

Проблема. Жастар арасында кітап оқу мәдениеті, ауызша сөйлеу сауаттылығы, тілдің лексика-фразеологиялық бейнелі сөздерін, этномаркерлі лексикалық қорды білу және қолдану деңгейі төмендеуде. Осыған байланысты қазақ тілінің ғылыми және пәндік курсының мазмұнын орфоэпия, фразеология, лингвомәдениеттану, стилистика, тіл мен сөз мәдениеті бойынша жаңа білімдер жүйесімен байыту керек.

3. Біртілді, қостілді және көптілді тұлғалар санының арақатынасы, сипаты мен деңгейі

"Қоғамдық пікір" зерттеу институтының мәліметінше, 2017 жылы мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі 83,1 %-ті, 2018 жылы 85,9 %-ті; орыс тілін меңгергендердің үлесі 92,3 %-ті құрады. Соңғы екі жылда мемлекеттік тілді меңгергендердің үлесі 2,8 % -ке өсті. Үштілді (қазақ, орыс және ағылшын тілінде) білім беру саясатының әсерінен қоғам ағылшын тілін белсенді игере бастады. Үш тілді әртүрлі деңгейде меңгерген республика халқының үлесі – 24,1%.

Проблема. Тілдік ортада орыс-қазақ қостілділігі басым. Бұдан кейінгі орында қазақ-орыс және этностық-орыс қостілділігі (өзге ұлт өкілдерінде) мен қазақ-ағылшын, орыс-ағылшын қостілділігі таралып отыр. Осыған байланысты, қазақ тілінің

қолданылуын арттыру үшін қазақ-орыс және қазақ-этностық қостілділігінің кеңінен таралуына жағдай жасау керек.

Лингвистикалық параметр

1. Әдеби тілді қолданушылар санының көп болуы

Тілді игеру деңгейіне қарай шартты түрде тіл қолданушылары 3 топқа бөлінеді – элитарлық (тілді барлық стильдерде ауызша және жазбаша нысанда жоғары деңгейде қолданатын тұлға), орта (ауызекі стиль мен бір немесе бірнеше кітап стилін меңгерген тұлға) және қарапайым (тілді ауызекі стильде ғана қолданатын тұлға). Қазақстанда қазақ тілінде сөйлейтіндердің 30 %-і қарапайым, 61-62 %-і – орта, ал 8-9 %-і – элитарлық тілдік тұлғалар екені анықталды.

2. Тілдік инновациялардың таралу жылдамдығы

Тілдік инновациялар – тілдік-мәдени қауымдастықтың өмір сүру жағдайларына байланысты қалыптасқан тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар. Қазақ тіліндегі инновациялар тәуелсіз елдің саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі трансформацияларға, IT-технологиялардың жаһандық дамуына байланысты қалыптасты. Осыған байланысты, тілдік инновациялардың басын қосатын неолексикографиялық еңбектерді жазу бойынша үздіксіз жұмыс істеу қажет.

3. Өзге тілдің әсеріне қарсы тұру иммунитеті

Тілдің сыртқы әсерге қарсы тұру иммунитетіне:

а) өз ресурстары есебінен шет тілдік әсерді бейімдеу (аудару, калькалау, балама нұсқа табу);

б) шет тілден енген кірме сөздердің фонетикалық келбетін өзгерту, оларды ұлттық тілдің дыбыстық жүйесіне сәйкес айту және ұлттық тілдің емле ережелеріне сәйкес жазу.

Осы тұрғыда, біріншіден, ұлттық тілге сәтті аударылған терминдерді насихаттау шараларын іске асыру тиімді. Екіншіден, қазақ жазуын, латын әліпбиіне негізделген жаңа орфографиялық ережелерді насихаттап, көпшілікке түсіндіріп, қолданысқа енгізу қажет. Бұл бірыңғай ұлттық жазудың қалыптасуына әкеледі.

4. Салалық терминологияның дамуы

Бүгінгі күнге дейін білім мен өндіріс саласы бойынша 270-тен астам терминологиялық сөздік жарық көрген. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мәліметі бойынша, тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік тілде қалыптасқан терминқор 330000 бірлікті, қазақ тілінде баламасы жоқ шеттілдік терминдер – 33479, ұлттық тіл негізінде игерілген терминдер – 6317, ұлттық тіл ресурстарын пайдаланып, әрі шеттілдік элементтерді сақтап жасалған аралас терминдер - 293204 бірлікті құрады.

Проблема. Жоғарыда келтірілген деректер игерілген терминдердің игерілмеген және аралас терминқормен салыстырғанда бірнеше есе аз екенін көрсетті. Сондықтан

осы бағытта: а) қазақ терминологиялық лексикасының корпусын құру; ә) Республикалық терминологиялық комиссияның тиімділігін арттыру керек.

Әлеуметтік-функционалдық параметр

1. Білім беруде

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мемлекеттік тілде оқытатын ұйымдардың саны артып келеді. 2016 жылы мемлекеттік тілдегі балабақшалардағы тәрбиеленушілерінің саны 593758 адамды құрады. Бұл республика балабақшаларындағы балалардың жалпы санының 73,6 %-ін құрайды.

Қазақстанда 2018 жылғы мәлімет бойынша жалпы білім беретін 7393 мектеп бар, оның 3797-сі қазақ, 1312-сі орыс, 2255-і қазақ-орыс, 12-сі өзбек, 11-і ұйғыр, 1-еуі тәжік тілдерінде білім береді. Бұл мектептерде 2018–2019 оқу жылында барлығы 3050770 оқушы білім алса, оның 2000000-нан астамы қазақша, 900000-ға жуығы орысша, қалғаны өзге тілдерде оқиды, яғни барлық оқушылар санының 66 %-і қазақ тілінде білім алады.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында 2018–2019 оқу жылы қазақ тілінде білім алушылар саны 1991 жылмен салыстырғанда, 67 %-ке артып, 289589 студентті құрады.

Егер 1998–1999 оқу жылы жоғары оқу орындарында студенттердің жалпы санының 26,8 %-і қазақ тілінде білім алса, 2018–2019 жылдары 83,0 %-і қазақша білім алып отыр. Ағылшын тілінде оқытатын бөлімдері бар ЖОО саны да артып келеді. Ағылшын тілінде білім алушылар саны 24,7 мың студентті құрады. Бұл 2009 жылғы көрсеткіштен 2,5 есе артық.

Проблема. Ересек тұрғындарды мемлекеттік тілге тегін оқыту мақсатында республиканың барлық өңірлерінде 90 мемлекеттік Тілдерді оқыту орталығы жұмыс істейді. Алайда бірқатар өңірлерде (Алматы қ., Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында) мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтары жоқ. Осыған байланысты латын графикасына көшу процесінде оқытушылар мен тұрғындарды оқыту үшін орталықтардың және "Қазтест" ұлттық тестілеу жүйесінің әлеуетін арттыру қажет.

"Қазтест" – Қазақстан Республикасы азаматтарының және ел аумағындағы түрлі қызметпен айналысатын шетел азаматтарының қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі. 2011–2015 жылдары аталған жүйе бойынша 130000 адам, 2016 жылы – 73732 адам, 2017 жылы – 74543 адам, 2018 жылы – 79389 адам тестілеуден өтті.

Болон процесінің негізгі шарттарының орындалуына байланысты Қазақстанның жоғары мектебінің жүйесінде де көптілді білім беру қалыптасқан. 2016 жылы 2012 жылмен салыстырғанда ағылшын тілінде оқытуды ұсынатын жоғары оқу орындарының саны 10 бірлікке артты. 2009 жылмен салыстырғанда олардың саны 1,7 есе өсті.

"Болашақ" бағдарламасы іске асырылған жылдары әлемнің үздік ЖОО-ларында филологияға және лингвистикаға байланысты мамандықтар бойынша 136 адам даярланған.

Үштілділік саясатты іске асыру мақсатында қазіргі кезде барлық балабақшалардың ересектер топтарында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әліпбиі бір мезгілде оқытылады. Алайда, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ағылшын тілін 9-12 жастан бастап енгізіп, сағат саны мен оқыту сапасын арттыру есебінен жүзеге асыру оны оқытудың тиімді тәсілі болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық практика басқа пәндерді ағылшын тілінде игеруді жоғары оқу орындарында жүзеге асырған неғұрлым тиімді екенін көрсетуде.

2. Ғылымда (жаратылыстану-техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық)

Статистикалық деректер қазақ тілінде жазылған ғылыми зерттеу жұмыстарының, магистрлық, докторлық диссертациялардың үлесі өте төмен екенін көрсетті.

Проблема. Қазақ тіліндегі ғылыми ақпараттың көлемі мен сапасын арттыру қажет. Ғылыми айналымдағы ғалымдардың еңбегі, ғылыми зерттеу нәтижелері, магистрлық және докторлық диссертациялар, әсіресе жаратылыстану және инженерлік-техникалық ғылым саласында мемлекеттік тілде шығарылмайды. Мемлекеттік тіл ғылыми ортадағы коммуникацияның тиімді құралына айналуы керек.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында

2018 жылы республикадағы бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы саны 3328-ді құрады, оның ішінде тіркелген газет-журналдар саны 2790-ды (1800 газет, 990 журнал), телеарналар 128-ді, радиолар 70-ті, ақпарат агенттіктер (сайттар) 181-ді, мерзімді басылымдар 159-ды құрады. Олардың ішінде қазақ тілінде – 548, орыс тілінде – 850, қазақ-орыс тілінде – 1160, үш және одан көп тілде (оның ішінде басқа тілдерде) – 770.

2014 жылы қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары контентінің үлесі 55 %-ті құрады, ал 2018 жылы 73 %-ке дейін ұлғайды. Мемлекеттік БАҚ эфирінде мемлекеттік тілдегі жаңа тележобалардың саны артты. Балалар мен жұртшылыққа қазақ тілін оқытуға арналған анимациялық фильмдер топтамасы әзірленіп, интернет-ресурстарда орналастырылды.

Проблема. Бүгінгі күнге дейін жүргізілген тіл саясаты бойынша әлеуметтік сауалнама нәтижелері қазақтілді БАҚ көлемінің ұлғайғанына қарамастан, оны тұтынушылар санының әлі де аз екенін көрсетті. Айталық, 2018 жылы жүргізілген әлеуметтік-сараптамалық сауалнама деректері бойынша интернет ресурстардан ақпарат алу үшін респонденттердің шамамен 90 %-і қазақ тілінде сөйлесе де, 78,2 %-і орыс тілін, 20,2 %-і қазақ тілін пайдаланатыны анықталды. Бұл ретте көрерменнің, оқырманның, тыңдаушының сапалы ақпарат алуы үшін тұтынушының әртүрлі тақырыптарда, әртүрлі бағыттар мен форматтардағы сұраныстарын қанағаттандыратын интернет-контентті құру және дамыту бойынша шаралар қажет.

4. Әкімшілік басқаруда

2018 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттарының үлесі 93 %-ті құрады. Алайда олардың сапасы мен қазақ тілінде рәсімделген қосымшалардың саны төмен. Әлеуметтік зерттеу нәтижелері әкімшілік және мемлекеттік органдарда респонденттердің небәрі 7,9 %-і "қазақ тілін", ал 27,4%-і "көп жағдайда қазақ тілін қолданатынын" көрсетті.

5. Сот ісін жүргізуде

Қазіргі уақытта республика соттарында қазақ тілінде қаралатын істердің саны төмен деңгейде қалып отыр. Бұдан басқа, сот процестеріне қатысуға білікті аудармашыларды тарту проблемасы да бар.

Проблема. Сот ісін жүргізудің тиімділігі халықтың билікке деген сенімін арттырады. Құқық қорғау органдарындағы сауалнаманың нәтижелері бойынша халықтың 8 %-і "тек қазақ тілін қолданамын" және 25,8 %-і "көп жағдайда қазақ тілін қолданамын" деп жауап берген. Бұл көрсеткіштер құқық қорғау саласында қазақ тілінің тиісті деңгейде қолданылмайтынын растайды.

6. Ақпараттық технологияларда

"Google Translate" және "Yandex Переводчик" аударма сервистеріне енгізілуі арқылы қазақ тілі әлемдік онлайн платформалардың негізгі тілдерінің біріне айналды. Wikipedia жүйесінде қазақ тіліндегі сегменттегі мәтіндер саны 200000 мақаладан асты. Microsoft компаниясының MS Office, Windows бағдарламалық өнімдері қазақ тіліне аударылды. "Қазақстанның интернет қауымдастығының" мәліметі бойынша, қазіргі уақытта Қазнетте қазақ тіліндегі сайттар саны қазақстандық сайттардың жалпы санына шаққанда шамамен 12 %-ті құрайды.

Проблема. Википедия платформасында жасанды интеллект әлі де қазақ тілінде қолданылмайды. Мәтінді дыбыстау, дауысты мәтінге түрлендіру технологиясына қазақ тілі қосылмаған. Қазақтілді ақпаратты мәтіндік аудио-бейне форматтарында жинау жұмыстары басталғанымен, олар әлі ұлттық дәрежеге дейін жеткізілмеген. Мемлекет есебінен шығарылған кез келген медиа өнім (кітап, аудио немесе бейне, анимация) интернет желісіне тегін жариялауға тиіс. Осындай мәселелерді шешу үшін осы Бағдарламаны "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасымен үйлестіру аса маңызды. Ең алдымен, лингвисттер мен IT-бағдарламашылардың бірлескен жұмысы негізінде жүзеге асырылатын Қазақ тілінің ұлттық корпусы жобасын іске асырудың маңызы ерекше.

Ұлттық-мәдени параметр

1. Өнерде, театрда, кинода және эстрадада

Елімізде 22 қазақ, 12 орыс, 3 аралас, 1 кәріс, 1 неміс, 1 өзбек және 1 ұйғыр театрлары жұмыс жасайды. Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметтеріне сәйкес

2018 жылы осы театрлардың репертуарында қазақ тілінде 105 қойылым, орыс тілінде 78 және басқа тілдерде 133 қойылым көрсетілді; қазақ тілінде 18 фильм, орыс тілінде 24 фильм түсірілді.

Проблема. Қазақтілді көрермен санының өсуі қазақ тіліндегі театр қойылымдары мен кинотуынды көлемін арттыруды талап етеді. Қазақстан тарихын, қазақ өнері мен мәдениетінің жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне қосқан үлесін көпшілікке танымал ету Қазақстанның имиджі мен қазақ тілінің мәртебесін ел ішінде ғана емес, шетелде де арттыруға ықпал етеді.

2. Көркем, лексикографиялық, діни, іскери, оқу, терминологиялық және басқа әдебиеттерді 2018 жылы Мәдениет және спорт министрлігі әрқайсысы 2000 және 1000 дана таралыммен (барлығы 49000 дана) 27 түрлі кітап (ғылыми-танымдық, оқу-әдістемелік, балалар әдебиеті жанрындағы кітаптар) шығарса, оның 25-ін қазақ тілінде шығарды.

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі (IEA) PIRLS халықаралық қауымдастығы 2016 жылы өткізілген оқу және мәтінді түсіну сапасын халықаралық зерттеу нәтижесінде Қазақстан 50 қатысушы елден 27-ші орынға ие болғанын хабарлады.

Проблема. Халықаралық сарапшылар оқушылардың қажетті ақпарат пен білімді қағаз нұсқадағы оқулық, кітаптан гөрі, интернет-ресурстардан көп іздейтінін анықтап отыр. Қазақстандық оқушылардың 37 %-і мәтінді электрондық форматта қолданатыны, ал 40 %-і үй тапсырмасын орындауда интернетке жүгінетіні белгілі болды. Осыған байланысты барлық қазақтілді баспа өнімдерінің электрондық нұсқасы мүмкіндігінше тегін жүктелетіндей қолжетімді форматта әзірленуі керек.

3. Бизнесіте (тауар өндірісі, шағын, орта, ірі бизнес объектілерінің экономикалық дискурсында)

Экономикалық ақпарат контентін қазақ тілінде жасап, сапасын жетілдіру ұлттық кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қолайлы жағдай жасайды. Бұл ауылдық жерлердегі өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген халықты кәсіпкерлік ортаға тартуға, ауылдағы кәсіпкерлік бастамаларды арттыруға септігін тигізеді, шағын және орта бизнестің дамуына түрткі болып, ұлттық бизнестің қалыптасуына мүмкіндік тудырады.

Проблема. "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының "Бастау-Бизнес" жобасы шеңберінде "Талдау" орталығы өткізген тәжірибелік тренингтер барысында халықтың лингвистикалық құзыреттілігіне байланысты мынадай мәселелер анықталған:

халықтың функционалдық сауаттылығының деңгейі, оның ішінде тілдік құзыреттілігінің деңгейі төмен;

Қазақстан аумағында бизнес жүргізу, оны заң жүзінде сүйемелдеу, қаржылық сауаттылық және басқа да мәселелер бойынша білім беру жүйесі дамымаған. Мұның

басты себебі экономика, бизнес және қаржы жөніндегі қазақтілді ақпараттың саны мен сапасының төмен болуы;

шет тіліндегі терминдердің көп болуына байланысты жаңа экономикалық ақпаратты түсіну қиындық тудырады;

тренерлер мен спикерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің төмен болуы.

Көрсетілген проблемаларды шешу үшін осы Бағдарламада экономика, бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейтуге бағытталған жүйелі шаралар қамтылуы тиіс, олар бизнес қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары арасындағы кәсіпкерлік бастаманы іске асыру жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп әзірленуге тиіс.

4. Қаржы секторының банк саласында

Банк саласында мемлекеттік тілдегі терминдерді жүйелеу және жетілдіру мақсатында 2011 жылы салалық терминологиялық жұмыс тобы құрылды, оның жұмысының нәтижесінде бүгінгі күні 878 банк термині бекітілді.

2018 жылғы сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 7,3 %-і банктерде тек "қазақ тілінде", 26,7 %-і "көп жағдайда қазақ тілінде сөйлеймін" деп көрсеткен. Алайда, бұл мәліметтер көрсетілген салада тілді қолдану туралы толық ақпарат бере алмайды.

Еліміздегі тілдің қазіргі ахуалына ұқсас халықаралық практика:

Біріншіден, посткеңестік кеңістіктегі елдерде тіл саясатының заңнамалық базасын өзгерту белсенді түрде іске асырылды. Мысалы, Балтық жағалауы елдері, Грузия, Армения, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан Кеңес өкіметі кезінде қабылданған тілге қатысты заңдарын өзгертті. Көптеген елдерде мемлекеттік тілді білу азаматтар үшін міндетті болып табылады: "Әзербайжан Республикасының әрбір азаматы әзербайжан тілін білуге міндетті" (Әзербайжан Республикасының мемлекеттік тіл туралы заңы, 1-бап, 1.1-тармақ), "Француз тілін қолдану мыналар үшін міндетті болып табылады:..." (Француз тілінің қолданысы туралы № 94-665 Франция заңы ("Тубон заңы", 2-бап). Халықаралық практика негізінде Қазақстанның практикаға енгізуі үшін үлгі боларлық екі түрлі мәселе анықталды: біріншісі – талап пен міндет, екіншісі – тілге қатысты жауапкершілікті белгілеу.

Екіншіден, көптеген мемлекеттерде ағылшын тілін қолдану экономикалық интеграция, жаңа технологияларға қол жеткізу сияқты бағыттарда ұлттық мүдде үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Алайда ағылшын тілі ұлттық прагматизм тұрғысынан ғана қолдау табуда.

Жапония мен Қытайда бастауыш білімді аяқтау сатысында ағылшын тілін оқыту тетігі көзделген. Бұл елдерде өзге тілді оқыту мектепке дейінгі жастан басталмайды. Барлық пәндер ана тілінде оқытылады, ағылшын тілі тек тілдік пән ретінде оқытылады.

Үшіншіден, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалаудың "Қазтест" жүйесін жетілдіру кезінде Ұлыбританиядағы IELTS және АҚШ-тағы TOEFL жүйелерінің

тәжірибесін пайдалану тиімді болмақ. Мысалы, Ұлыбританияда белгілі бір лауазымда жұмыс істеу немесе оқу орнында білім алу үшін кез келген адам ағылшын тілін талап етілетін деңгейде білетінін жоғарыда көрсетілген тест бағдарламалары арқылы растауы қажет.

Көшіп-қонушылардың тілдік бейімделуіне қатысты Ресей Федерациясының тәжірибесі ерекше. Мұнда 2015 жылдан бастап заңнамада белгіленген нормативтерге сәйкес елде тұруға рұқсат алу үшін орыс тілін меңгеруі, мәдениетін білуі жөніндегі сертификаттың болуы талап етіледі.

Германиядағы ГҰте Институтының әлемнің 80 елінде филиалы бар. Институт Германияда өз бизнесін ашуға ниет білдіргендерге көптеген қызметтер ұсынады, ГҰте Институтының неміс тілін орта деңгейде меңгергенін растайтын сертификатынсыз бірлескен кәсіпорын немесе фирма ашуға рұқсат етілмейді.

Төртіншіден, мемлекеттік тілді меңгергендерге заңнамада белгіленген артықшылықтар беру тіл үйренушілердің санын да, тіл үйренудің сапасын да ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, Эстонияда еңбек нарығында эстон тілін білу жұмысқа орналасу, сондай-ақ өз бизнесін кеңейту үшін басты фактор болып табылады. Эстон тілін меңгерген адамдарға мансаптық өсуіне және жоғары жалақы алуы үшін көп мүмкіндік беріледі.

Осылайша, тіл саясатын іске асыру саласында іске асырылған қадамдық әрекеттерді жан-жақты талдау мыналарды айқындайды:

1. Күшті тұстары:

1) мемлекеттік тілдің демографиялық базасының нығаюы (қазақтілді азаматтар санының өсуі);

2) бизнесте, білім беруде, мәдениетте, мемлекеттік секторда тіл қолданысын кеңейту тетіктері әзірленді;

3) тілді қолдау инфрақұрылымының дамуы (оқыту, аударма орталықтары және басқалар).

2. Әлсіз тұстары:

1) тілді қолдану мәдениетінің төмен деңгейі;

2) мемлекеттік тілдегі өзекті контент көлемінің жеткіліксіздігі;

3) жазбаша коммуникацияға қатысушылардың әркелкі бөлінуі: түрлі деңгейде меңгерген тұтынушылардың көп болуы, контент жасаушылардың аздығы;

4) қазақ тілі мәртебесінің төмендігі: ғылым, бизнес, кәсіби коммуникация тілі емес, көбіне тұрмыстық қатынас тілі ретінде ғана қабылдануы;

5) терминжасамның әлсіз стандартталуы (тура аударма, кірме сөздер).

3. Мүмкіндіктер:

1) дамыған лексика-грамматикалық құрылым, қазақ тілінің сөзжасам қорларының молдығы және тұрғындардың тілді қолдану мәселесіндегі бейімделгіштігі оны жаңғыртуға үлкен мүмкіндік береді;

2) қазақ тілі Қазақстанның барлық азаматтарына да, шетелде тұратын қазақ ұлтының өкілдеріне де ұлттық бірегейліктің тұтқасы бола алады.

4. Қауіп-қатер:

1) тұрғындардың тіл мәдениетінің төмен деңгейі қазақ тілін "тұрмыстық" коммуникация тілі мәртебесінде қалдырып, қазақ тілінде өзекті контент жасауға кедергі келтіруі мүмкін;

2) тіл мәселелерін саясиландыру қоғамның жік-жікке бөлінуіне әкеп соғуы мүмкін;

3) қазақ тілі мәртебесінің төмен деңгейі қазақтілді тұрғындардың әлеуетін шектейді.

Бағдарлама шеңберінде жоспарланған шаралар аталған проблемаларды шешуге ықпал ететін болады.

4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаттары – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, жаңа латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға, сондай-ақ Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.	Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылардың үлесі	%	әлеуметтік зерттеулер	-	-	-	-	10	20	30	50	М С М ЖАО
2.	Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі	%	әлеуметтік зерттеулер	85,9	90	90,5	91	92	93	94	95	М С М ЖАО
3.	Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі	%	АҚДМ	73	72	74	75	76	77	78	79	АҚДМ
4.	Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі	%	әлеуметтік зерттеулер	24,1	25	26	27	28	29	30	31	М С М ЖАО

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін төменде келтірілген нәтижелердің көрсеткіштерімен өлшенетін мынадай міндеттерді шешу көзделеді.

1.1-міндет. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін ортологиялық кодтау

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.1	Латын графикалы әліпби негізінде басып шығарылған сөздіктер, анықтамалықтар мен қолжазбалардың саны (өсу қорытындысымен)	бірл.	МСМ	-	-	5	8	10	11	14	16	МСМ

1.2-міндет. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілінің салалық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру және кодтау

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.2	Қазақ тілінің латын графикалы әліпбиінің емле ережесіне негізделген терминологиялық қордың үлесі (өсу қорытындысымен)	%	республикалық терминология комиссияның шешімі	-	-	5	15	30	40	50	60	МСМ

1.3-міндет. Ономастикалық кеңістікті латын графикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.3	Ономастикалық атауларды ретке келтіруде ашықтық қағидаттарының сақталу үлесі	%	ЖАО, ОАО	-	-	-	14,0	14,5	15,0	15,5	16,0	МСМ, ЖАО

3.2	әдістемелік көмекпен қамтылған республикалық этномәдени бірлестіктердің үлесі	%	МСМ МИО	-	-	30	32	34	36	40	42	МСМ
-----	---	---	------------	---	---	----	----	----	----	----	----	-----

3.3-міндет. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын арттыру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
3.2	Ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі	%	әлеуметтік зерттеулер	25,1	27	27,5	28	28,5	29,0	29,5	30,0	МСМ ЖАО

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

1. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту

1.1-міндет. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін ортологиялық кодтау

Латын графика негізде қазақ тілін және емле ережелерін ортологиялық кодтау – жаңа әліпби негізінде сөздіктерді әзірлеуді көздейді (қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, қазақ тілінің емле анықтамалығы, қазақ тілінің жаңа орфоэпиялық сөздігі және т.б.).

Әсер ету логикасы

әртүрлі тұтынушыға – мектеп оқушыларына, редакторлар, дикторларға, саясаткерлерге, сауда менеджерлеріне, копирайтерлер мен спичрайтерлерге арналған: а) сөз мәдениеті бойынша анықтамалықтар; ә) тілдік бірліктердің лексикалық және грамматикалық вариативтілігі туралы сөздіктер; б) практикалық стилистика мен пунктуация бойынша құралдар; в) емле және әдеби мәтін түзу, мәтін түзету бойынша анықтамалықтар әзірлеу көзделеді.

Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бөлігінде шараларды іске асыру қажет.

Әсер ету логикасы

мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуді көздейтін актілерге өзгерістер мен түзетулер енгізу;

мемлекеттік қызметшілерді іріктеуді, жұмысқа қабылдауды және ілгерілетуді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу;

көші-қон саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу (жекелеген санаттар бойынша шетелдік жұмыс күші ретінде тартылатын иммигранттарды тестпен қамту);

мемлекеттік мекемелерге жұмысқа қабылдау кезінде "Қазтест" сертификаттары арқылы тілді меңгеру деңгейін растау қажеттілігі;

мемлекеттік қызметтің А корпусының тәжірибесі негізінде мемлекеттік қызметтің Б корпусы үшін тест тапсырмаларының тиісті нұсқаларын әзірлеу;

жаңа латын графикалы әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің қағидаларын бекіту;

Қазақстан аумағына әкелінетін және ел аумағында өндірілетін компьютерлер, пернетақталар, ұялы телефондар т.б. техникалық құралдар мен медициналық, өндірістік жабдықтар, кассалық аппараттар сияқты өнімдерде қазақ тіліндегі ақпараттың, қазақтілді интерфейсінің және қазақ әріптерінің болуын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің тиісті нұсқаларын әзірлеу және қабылдау;

Сондай-ақ латын графикалы әліпбиді қолдану негізінде әзірленген көрнекі ақпаратты (сыртқы көрнекі ақпарат, жарнама, маңдайшалар, заттаңбалар және т.б.) реттеу көзделген. Көрнекі ақпараттарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мәселесін зерделеу жұмыстары жүргізіледі.

Әсер ету логикасы

"Қазақ тілін білу деңгейін бағалау (Қазтест)" бойынша тестілеуді өткізу жөніндегі ережені әзірлеу және бекіту;

көрнекі және жарнамалық өнімдерде латын графикалы әліпбиді қолдану бойынша нұсқаулықтар әзірлеу;

көрнекі ақпаратта жиі қолданылатын белсенді тілдік бірліктердің жаңа әліпбиде ортологиялық, функционалдық-стистикалық, коммуникативтік-прагматикалық нормалары әзірленіп, оларға лингвистикалық сараптама жүргізу.

Латын графикалы әліпби негізінде жазылған қазақтілді мәтіндердің аудармасы мен редакциясын автоматты жүзеге асыру құралдарын дамыту жүйесін жолға қою қажет.

Әсер ету логикасы

жаңа латын графикалы әліпби негізіндегі қазақ тілді мәтіндерді тексеретін IT-бағдарламалар мен мәтіндік редакторларды әзірлеу, оларды онлайн, оффлайн режимдерінде қолжетімді форматта тегін тарату;

латын графикалы қазақ әліпбиін пернетақтаға енгізу және шығару;

беделді веб-сервистер мен іздеу жүйелерін латын графикалы әліпбиге аудару (google.kz және yandex.kz) жұмыстарын жүргізу;

латын графикалы қазақ тілін оқытудың ең тиімді әдістемесін енгізу мақсатында оқыту веб-сайттарын, оқу-әдістемелік, ақпараттық материалдарды әзірлеу, тарату.

1.2-міндет. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілінің салалық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру және кодтау

Терминжасалымның тиімді әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып ғылым мен техниканың түрлі салаларында терминологиялық сөздіктер әзірлеу үшін ғылыми-әдістемелік негіздер, сондай-ақ заманауи терминжасалымның және терминжүйелерін құрудың лингвистикалық негіздері әзірленіп, жетілдірілетін болады.

Сондай-ақ латын графикалы әліпби негізіндегі жазуда таңбалану үлгілерін түгендеу жұмыстарын жүргізу көзделеді.

Әсер ету логикасы

терминологиялық дерекқорын жетілдіру;

ғылым мен техника саласындағы жаңа терминдерге лингвистикалық сараптама жүргізу;

қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес латын графикалы әліпби негізінде шеттілдік терминдердің ауызша және жазбаша игерілу тетіктерін көрсете отырып анықтамалықтар, нұсқаулықтар әзірлеу;

латын графикалы әліпби негізінде дайындалатын салалық түсіндірмелі терминологиялық сөздіктерді танымал ету. Сондай-ақ толықтырулар, түсініктемелер және түзетуге ұсыныстар енгізу мүмкіндігі бар баспа нұсқаларын, онлайн-нұсқаларын жариялау көзделеді.

1.3-міндет. Ономастикалық кеңістікті латын графикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау

Аталған міндетті іске асыру осы стандарттардың мәртебесін бекітетін нормативтер әзірлеуді болжамдайды.

Әсер ету логикасы

жаңа атауларды танымал ету;

қалалардың халықаралық атаулары мен кодтарын латын графикалы атауларға сәйкес келтіру (атап айтқанда, әуе және теміржол қатынастары саласында);

отандық және шетелдік коммуникация алаңдарында қазақстандық ономастикалық кеңістіктің ортологиялық нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

навигация жүйелері мен сервистерінде, халықаралық дерекқорларда географиялық объектілердің жаңа атауларын ілгерілету;

географиялық объектілерді және олардың құрамдас бөліктерін атау және қайта атау қағидалары мен стандарттарын әзірлеу, жариялау және қоғамдық талқылау;

ономастикалық бірліктердің электрондық базасын кеңейту және сервистік қамтамасыз ету.

1.4-міндет. "Қазақ тілінің ұлттық корпусы" жобасын іске асыру

"Қазақ тілінің ұлттық корпусы" (бұдан әрі – корпус) жобасын қалыптастыру және іске асыру.

Корпус – бұл статистикалық дәйекті ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін іздеу механизмімен жабдықталған, цифрланған мәтіндері арнайы белгілер көмегімен өңделген инновациялық ақпараттық-анықтамалық жүйе.

Корпус жасау қажеттігі әлемдік практикадан айтарлықтай артта қалудың салдарынан туындап отыр. Бүгінгі күні әлемнің көптеген ірі және шағын тілдерінің ұлттық корпустары бар, олардың тілтаным және тілді дамыту бағытындағы маңыздылығын дамыған елдерде микроскоп, телескоп, рентген аппараты, томограф

ойлап табумен салыстыруға болады. Зияткерлік және материалдық шығындарға қарамастан, ұлттық тіл корпустарын құру жобалары кеңінен қолдау табуда. Сондықтан корпус құру – аса маңызды мемлекеттік міндет болып табылады.

Жобаның мақсаты: қазақ тілінің тиянақты синхронды және диахронды сипатында мемлекеттік тілдің қолданылуын қолдайтын және пайдаланушылардың кең ауқымының қажеттіліктеріне сай келетін метабелгілермен жарақтандырылған, лингвистикалық белгілермен аннотацияланған, ашық, инновациялық, теңдестірілген және өкілді ақпараттық-анықтамалық жүйе ретінде Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу және құру.

Іске асырудың бірінші кезеңінде (2020-2022 жж.) көлемі 30 млн. сөз қолданыстан, екінші кезеңде (2023-2025 жж.) – тағы 30 млн. сөз қолданыстан тұратын Қазақ тілі корпусын әзірлеу болжануда.

Әсер ету логикасы

қазақ тілінің публицистикалық стилі мәтіндерінің электрондық базасы негізінде корпусның кіші корпус ресурсы әзірленеді;

Корпусның қалың жұртшылыққа қолжетімді сайты әзірленеді, оны қолдайтын Интернет-компания айқындалатын болады (мысалы, Орыс тілінің ұлттық корпусының сайты техникалық қолдауды Яндекс компаниясы іске асырады);

Корпусның іздеу жүйесін тұрақты негізде жетілдіріп отыру қажет: іздеу жүйесі неғұрлым кең ауқымды болса, корпусның түрлі пайдаланушылардың талаптары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша мүмкіндіктері соғұрлым жоғары болмақ;

Корпусның аннотациялары үнемі ұлғайтылады және жетілдіріледі: лингвисттер IT-мамандармен бірлесіп морфологиялық, морфо-семантикалық, лексика-семантикалық, синтаксистік, фонетикалық, мәдени-семантикалық белгілер мен метабелгілер жүйесін әзірлейтін болады.

2. Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту

2.1-міндет. Білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру

Бұл мақсатты іске асыру қазақ тілді мамандар даярлауды жетілдіруді, лингвистикалық мамандықтар бойынша магистратураға бөлінетін гранттар санын арттыруды болжамдайды.

Әсер ету логикасы

сұранысқа ие қажетті лингвистикалық мамандықтар тізбесін айқындау;

лингвистикалық мамандықтар бойынша магистратураға бөлінетін гранттар санын ұлғайту;

лингвистикалық бейіндегі қазақтілді мамандарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешендерін жаңарту.

Балаларға арналған кең таралымды, қолжетімді жарияланымдарды, ғылыми, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиетті, оның ішінде озық әлемдік классикалық

әдебиетті, жарияланымдарды қағаз және электрондық форматтарда жаңа қазақ әліпбиінде басып шығару жұмысы көзделеді.

Әсер ету логикасы

әдебиетті аудару мен басып шығаруды мемлекеттік ақпараттық тапсырыс құралы арқылы ұйымдастыру;

мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардағы педагогтар үшін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларына өзге тілді балаларға қазақ тілін тиімді оқыту бойынша контентті қосу;

мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу;

тілді оқыту әдістемелерін бейімдеп, балабақшалардың қазақ топтарының тәрбиешілеріне әдістемелік қолдау көрсету.

Сондай-ақ сөйлеу тілін дамытумен және түзетумен жұмыс жасайтын қазақтілді мамандарға (логопед-дефектологтар) деген қоғам сұранысын қамтамасыз ету болжанады.

Әсер ету логикасы

қазақтілді мамандарды (логопед-дефектологтар) даярлауға бөлінетін білім беру гранттарының санын ұлғайту.

2.2-міндет. Мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру

Мемлекеттік тілді кәсіптік бағдарланған оқыту, жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетін арттыру үшін әдістемелік қамтамасыз ету қажет.

Әсер ету логикасы

жаңа технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің жұмыскерлері үшін қазақ тілін өз бетінше оқыту курстарын ұйымдастыру;

барлық министрліктер мен ведомстволардың жылдық жұмыс жоспарына енгізу жолымен Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде мемлекеттік тілдегі контентті ұлғайту;

үкіметтік емес ұйымдарға тілдерді оқытатын орталықтар, кабинеттер, үйірмелер құру бойынша мақсатты консультациялық және оқу-әдістемелік қолдау көрсету;

әкімшілік іс жүргізу дағдыларын, шешендік дағдыларды дамытуға және мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу мәдениетін арттыруға бағытталған қазақ тілін оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік қолдау көрсету.

Жаңа технологияларды қолдана отырып тілдерді оқыту бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу көзделуде.

Әсер ету логикасы

жаңа технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілін өз бетімен оқу курстарын құру;

мекемелер мен ұйымдар сайттарының қазақтілді нұсқаларының сапасын жақсарту және мазмұнын тереңдету;

қазақ тілін оқыту орталықтарын, кабинеттері мен үйірмелерін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қолдау;

мемлекеттік тілде іс жүргізуді бақылау әдістерін ынталандыру және жетілдіру;

электрондық құжат айналымында хаттардың жазылу тілінің аражігін ажырату мақсатында ақпараттық технологиялық жобаларға өзгерістер енгізу. Бұл мемлекеттік органдардың құжат айналымында мемлекеттік тілдің қолданылуына мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерін қазақ тіліне оқыту бойынша талаптар енгізу.

Әсер ету логикасы

мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жоспарларына қазақ тілін оқытуды қосу туралы талапты енгізу;

мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерін оқыту үшін қаражат бөлу.

2.3-міндет. Ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру

Қазақ тіліндегі қолжетімді және қажетті цифрлық контентті әзірлеу қажет.

Әсер ету логикасы

қазақ тілінде шығарылған барлық мәтіндік, бейне және аудио материалдарды интернет желісіне шығару арқылы іске асырылатын онлайн-жобаларды дамыту;

IT-өнімдерін әзірлеу және шығару кезінде қазақ тілінің нормаларын пайдалану және сақтау мәдениетін арттыру;

бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша кез келген өндіруші компания пайдалана алатын жалпы терминдердің дерекқорын және электрондық мәтіндердегі жиі қайталанатын қателерге түсініктеме бере отырып, цифрлық форматқа аударылған сөздік қорын әзірлеу;

IT-саладағы терминдерді пайдалану стандарттары мен тәртібін бекіту және оларды пайдалану тәртібін түсіндіре отырып, ауық-ауық таратып тұру.

2.4-міндет. Мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру

Бизнес, психология, тұлғалық даму, жаңа IT-технологиялар мен құралдар, IT-бағдарламалау негіздерін оқыту, интеллектуалды даму, жаңа классикалық әдебиет және басқа да салаларда қазақтілді басылымдардың санын арттыру көзделген.

Еріктілер мен қалың жұртшылықты тарта отырып, сұранысқа ие және әлеуметтік маңызы бар әдебиеттің ұжымдық аудармаларының сервисін (алаңын) құру болжанады.

Қаржы, экономика және бизнес салаларында қазақ тіліндегі терминдерді пайдалануды реттеу көзделуде.

Әсер ету логикасы

қазақтілді белсенді азаматтарды ағылшын және орыс тілдерінен кітаптарды, журналдар мен жарияланымдарды краудсорсинг қағидаты бойынша қазақ тіліне аудару және бейімдеу процесіне тарту жұмыстарын жүргізу;

Республикалық терминологиялық комиссияның терминдер базасына сәйкес қазақ экономикалық сөздіктерін және бизнес терминдерінің сөздіктерін басып шығару және оларды әртүрлі форматта тарату;

қаржы, экономика және бизнес салаларында терминдерді қолдану бойынша түсініктемелер мен ұсынымдар беретін мерзімді терминологиялық шолуларды тарату.

Қазақстан Республикасында көрсетілетін телебағдарламаларды мемлекеттік тілде субтитрлермен қамтамасыз ету қажет.

Әсер ету логикасы

Қазақстан Республикасында таратылатын телебағдарламалардың субтитрлермен қамтамасыз етілуін бақылау;

кинофильмдерді Қазақстан аумағында таратуға рұқсат беретін прокаттық куәлікті тек қазақ тіліндегі дубляжы немесе түпнұсқасы болғанда ғана алу тәртібін регламенттейтін нормативтік база құру.

Қазақ тілінде хабар тарататын балалар мен ересектерге арналған телеарналардың санын кеңейту, олардың Қазақстанның барлық өңірлерінде (оның ішінде ауылдық жерлерде) және қазақтілді мәдени кеңістік өкілдері (қазақ диаспорасы мен ирредент) үшін қолжетімділігін арттыру қажет.

Әсер ету логикасы

балалар мен ересектер үшін қазақ тілінде контент жасауға мемлекеттік ақпараттық тапсырыс қаражатын бөлу;

балалар және ересектер контенті бар онлайн-арналар құруға мемлекеттік ақпараттық тапсырыс қаражатын бөлу (дамыту бағдарламалары, танымдық хабарлар, мультфильмдер және тағы басқалар);

балалар мен ересектерге арналған мемлекеттік тілдегі телевизиялық материалдардың сапасына мониторинг.

Қазақстан телеарналарының қазақтілді контентінің сапасын жақсарту қажет.

Әсер ету логикасы

қазақ тіліндегі контенттің сапасын қоғамдық бақылау;

әлемдік табысты форматтарды қазақтілді аудитория үшін бейімдеу;

мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ишарат тілінің жүйесін жетілдіру, сондай-ақ оларға мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік негізін дайындау.

Әсер ету логикасы

қазақ тіліндегі ишарат жүйесінің стандарттары мен модульдерін әзірлеу;

сурдоаудармашыларды оқытатын материалдар әзірлеу және оқыту;

тренерлерді оқыту, есту және сөйлеу қабілеттерінде кемістігі бар азаматтарды оқытуды ұйымдастыру;

тактильдік оқу құралдарын жасау;

қазақ тіліндегі баспа мәтіндерін дыбыстандыру сервисін құру.

"Абай институты" ашық білім беру жобасын қолданысқа енгізу.

"Абай институты" жобасы қазақ тілін, әдебиеті мен мәдениетін дәріптеуді және танымал етуді көздейтін, сондай-ақ мемлекеттік тілді оқыту бағдарламаларының жалпыға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған белсенді қызметті, республикада және шетелде қазақ тілінде ашық білім алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың ерікті негіздегі бірлестігін білдіреді. Жоба уәкілетті органның бастамасымен және тікелей қолдауымен жүзеге асырылады.

"Абай институты" жобасының әріптестік желісінің бірлестігіне білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ғана емес, экономика, қаржы, саясат, сауда-саттық сияқты басқа да салаларда жұмыс істейтін отандық және шетелдік мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ "Абай институтының" мақсаттарын жақтайтын және уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйыммен тиісті келісім жасасқан қауымдастықтар, қорлар, орталықтар да кіре алады.

Осылайша, "Абай институты" жобасының тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеу көзделеді:

жобаның мақсаттарын жақтайтын отандық және шетелдік мекемелер мен ұйымдарды әріптестікке шақыру, олармен тиісті келісімдер жасау болжанады;

жоба шеңберінде әрбір әріптес орындайтын жұмыстардың нақты тізімі мен көлемін әзірлеу көзделеді;

Қазақстан Республикасының консулдықтары бар елдерде қазақ тілін үйрену үшін жағдай жасау бойынша шараларды іске асыру болжанады (басымдық берілетін елдер – Қазақстан Республикасының негізгі әріптестері).

Әсер ету логикасы

ғылым және білім беру саласында, тіл теориясы, ҚР-да және шетелдердегі әлеуметтік-қоғамдық, саяси-экономикалық және ғылыми-техникалық салалардағы қазақтың әдеби тілін қолданудың әсерлілігі мен ерекшеліктері бойынша әртүрлі тақырыптарға онлайн-курстар мен бейнедәрістер өткізу;

интернет кеңістікте жаңа лингвистикалық жұмыстарды дәріптеу, интернет баспаларда аннотацияларды, пікірлер мен рецензияларды жариялау;

ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы мен идеяларына арналған іс-шараларды/ конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

қазақ тілін, әдебиеті мен фольклорын үйрену бойынша материалдар қазақ диаспоралары мен ирриденттерге қаншалықты қажет екеніне мониторинг жүргізу, сонымен қатар ұлттық мәдениетті насихаттауға арналған форматты айқындау қажет;

елшіліктер жанынан тілдесім клубтарын, кітап клубтарын, оқыту курстарын ұйымдастыру (әлемдік тілдер, әріптес елдердің тілдері).

Мемлекеттік тілді пайдалануға қоғамдық мониторинг акцияларын іске қосу және мемлекеттік тілді үйрену үшін қолайлы жағдай жасау.

Әсер ету логикасы

жазу мәдениеті жоғары тұлға имиджін қалыптастыру;

танымал тұлғаларды тарта отырып, телеарналар арқылы сыртқы көрнекі жарнама мәтіндерінде, ресми құжаттар мен жарияланымдарда, оқулықтарда, БАҚ-та, тауарлардың нұсқаулықтары мен заттаңбаларында, ақпараттық және жарнамалық сипаттағы таратпа материалдарда мемлекеттік тілдің сауатсыз, орынсыз қолданылуы туралы мәліметтердің жария етілуін ұйымдастыру.

қазақ тілін пайдалану мәдениетін арттыру мақсатында белсенділер жіберген материалдарда орын алған қателерді түсіндіретін мерзімді дайджест шығару және тарату;

латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін ілгерілету бойынша стрит-арт конкурстарын өткізу. Шетелдік танымдық хабарлар мен материалдарды мемлекеттік тілге аудару (youtube, TEDtalks және т.б.);

мемлекеттік тілді оқытуға арналған онлайн портал мен қосымшаларды дамыту;

қазақ ертегілері, эпостары, әңгімелері мен романдарының негізінде қатар оқуға арналған материалдар әзірлеу;

қазақ тілін үйренушілерге қолайлы тілдік орта құруға және қолдау көрсетуге арналған ақпараттық науқан өткізу.

Қоғамдық ұйымдарды және танымал тұлғаларды тарта отырып, қазақ тілін отбасында пайдалануды насихаттау және қазақтілді отбасыларды ынталандыру науқандарын өткізу.

Әсер ету логикасы

танымал тұлғалардың қатысуымен коммуникацияның әрқилы түрінде мемлекеттік тілді қолдану бойынша имидждік-түсіндіру (консультациялық) жұмыстарын жүргізу;

lingvoleo, memrise, americanenglish сияқты құралдар мысалында портал құру;

"Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін" акциясын өткізу, онда науқанға қатысушылар төсбелгі тағып жүреді. Өз кезегінде айналасындағылар ол адаммен қазақ тілінде сөйлесуге, қолдау көрсетуге және кеңес беруге тырысуы тиіс.

Мемлекеттік тілді дамыту және оқыту бойынша азаматтық бастамаларды қолдау.

Әсер ету логикасы

азаматтық бастамашыл топтарға мемлекеттік тілді зерделеу және пайдалану, латын графикалы әліпби негізіндегі қазақ тілін түсіндіру және ілгерілетуді қолдау үшін акциялар мен іс-шараларды өткізуге консультациялық, әдістемелік және PR-қолдау көрсету (мысалы: тілдесім практикасының клубтары, қазақтілді Википедияға мақалалар жазу);

көрнекі ақпарат пен жарнаманың сауаттылығын қоғамдық бақылау бойынша платформаны ұйымдастыру және шаралар қабылдау: еріктілер акцияларын, "Сәтті жарнама", "Үздік маңдайша" және т.б. жарыстар ұйымдастыру;

латын графикалы әліпбиге көшу жұмысын қолдау үшін бизнес-құрылымдардың, үкіметтік емес және медиа ұйымдардың қатысуымен іс-шаралар өткізу;

бизнес-ортада латын графикасын пайдалану бойынша кәсіпкерлік бастамаларды ілгерілету бойынша жергілікті атқарушы органдар, уәкілетті органдардың өңірлік филиалдары және бизнес қоғамдастықтар арасында меморандумдарға қол қою.

2.5-міндет. Халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту

Қазақстанның қатысуымен өтетін халықаралық жиындарда, саммиттерде, форумдарда, кездесулерде және басқа да ресми іс-шараларда мемлекеттік тілді практикада пайдалануға мониторинг жүргізу көзделеді.

Шетелдік университеттер мен орталықтарда, шет елдердегі қазақ мәдени орталықтарында қазақ тілін оқыту арналарын қолдау.

Әсер ету логикасы

шетелдік университеттер мен орталықтардағы курстарға, факультеттер мен департаменттерге, шет елдердегі қазақ мәдени орталықтарына ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету;

үш тілділікті дамыту саласында шетелдік жоғары оқу орындары мен қазақстандық университеттер, зерттеу ұйымдары арасында студенттермен, ғалым-зерттеушілермен алмасу және олардың тағылымдамадан өтуі мәселесіне қолдау көрсету жұмысын ұйымдастыру.

3. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту

3.1-міндет. Орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданылуы

Қазақ-орыс билингвизмін қолдау. Орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданылуын қамтамасыз ететін іс-шараларды ұйымдастыру көзделеді.

Әсер ету логикасы

қағаз және электронды жеткізгіште үлкен қазақ-орыс және орыс-қазақ түсіндірме сөздіктерін әзірлеу және тарату;

онлайн режимде қолжетімді орысша-қазақша сөздіктерді әзірлеу шараларын қабылдау;

қазақ классиктерінің көркем туындыларын орыс тіліне, орыс классиктерінің туындыларын қазақ тіліне аудару, оларды басып шығару және онлайн режимде тарату.

3.2-міндет. Этностық топтардың тілдерін дамыту

Ілеспе аудармаға арналған ІТ бағдарламалар жасау.

Әсер ету логикасы

қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ тілдеріндегі ІТ жобаларды әзірлеу.

Қазақстан халқының тілдерін сақтау және үйрену.

Әсер ету логикасы

этномәдени бірлестіктер базасында тілдерді үйренуге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асыру;

этномәдени бірлестіктер базасында тілдерді оқыту кезінде жаңа технологияларды қолдануды ынталандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін үйренуі.

Әсер ету логикасы

этномәдени бірлестіктер базасында мемлекеттік тілді үйрету жұмыстарын жолға қою;

этномәдени бірлестіктер базасында қазақ тілін үйрету тәжірибесін таратуда әдіснамалық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету;

қазақ тілін орташадан жоғары және жоғары деңгейде меңгерген этномәдени бірлестіктердің өкілдерін ынталандыру жүйесін құру;

Қазақстан халқы этностарының өкілдері үшін қазақ тілінде білім алуға гранттар көздеу қажет.

3.3-міндет. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын арттыру

Үшінші бағытты іске асыру Қазақстанның коммуникативтік-тілдік кеңістігінде қазақ-ағылшын қостілділігін дамыту бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруды болжамдайды.

Әсер ету логикасы

ағылшын тілін оқыту жүйесін оқу-әдістемелік және интеллектуалдық қамтамасыз ету, сондай-ақ оқытушы кадрларды кәсіби оқыту;

қалың көпшілікке арналған қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ тілдескіштерін әзірлеу;

"Тілдер және әдебиет" кадрларын даярлау шеңберінде білім беру бағдарламаларына қазақ және ағылшын тілдерінің салыстырмалы грамматикасы курсы енгізу;

қазақ тілінен ағылшын тіліне, ағылшын тілінен қазақ тіліне ілеспе аударманы жүзеге асыратын мамандарды даярлау;

әлем классиктерінің көркем әдеби шығармаларын ағылшын тілінен қазақ тіліне және қазақ классиктерінің көркем шығармаларын ағылшын тіліне аудару, сондай-ақ оларды қажетті көлемде басып шығару, онлайн режимде тарату.

Іскерлік және халықаралық коммуникация құралы ретіне шет тілдерін білу қазақстандықтардың лингвистикалық капиталының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

Әсер ету логикасы

шет тілдерін оқыту процесінде ауқымды білім беру кеңістігін сақтау;

шеттілді мәдениетпен өзара іс-қимыл жасау мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

үкіметаралық келісімдер шеңберінде мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу (Қазақстанның және шет мемлекеттердің мәдениеті күндері, көрмелер, көркем және деректі фильмдерді түпнұсқа тілінде көрсету және басқалары).

6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру 2020 – 2025 жылдары жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қазақ тілінің ұлттық, мемлекеттік және этносаралық коммуникация тілі ретінде толыққанды қолданылуын қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі жүзеге асырылады.

I. Латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту шаралары:

мәтіндік базасы 60 млн. сөз қолданысты қамтитын ауқымды, терең аннотацияланған Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу;

латын графикалы әліпби және емле ережелері негізінде қазақ тілін ортологиялық кодтауды жүзеге асыру;

латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілінің салалық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру және кодтау;

ономастикалық кеңістікті латын графикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау;

көрнекі ақпарат пен жарнаманың жаңа әліпбидегі тілдік құралдарының ортологиясын жасау.

II. Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту:

қазақ тілінің білім беру саласындағы қызметін кеңейту;

филологиялық білім беруді жаңғырту шараларын жүзеге асыру;

мемлекеттік ұйымдардағы қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру және оны бағалау жүйесін жетілдіру;

мемлекеттік емес ұйымдардағы қазақ тілінің қызмет етуін реттеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

қазақ тілінің ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қолданысын жетілдіру;

мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында қазақ тілінің қолданылуын реттеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

"Абай институты" ашық білім беру жобасын қолданысқа енгізу;

жазу мәдениеті жоғары тұлға имиджін қалыптастыру;

қазақ тілін насихаттау бойынша азаматтық бастамаларға қолдау көрсету;

қазақ тілінің отандық және халықаралық коммуникативтік алаңдардағы беделін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

III. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту шараларын іске асыру:

қазақ-орыс-ағылшын үштілділігін дамыту жөніндегі шаралар;

қазақ-ағылшын қостілділігін дамыту жөніндегі шаралар;

	Латын графикалы әліпби негізінде басып шығарылған сөздіктер, анықтамалықтар мен қолжазбалардың саны (өсу қорытындысымен)	бірлік				MCM	5	8	10	11
Іс-шаралар										
1.	Латын графикалы әліпби негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерін, қазақ орфографиясы, орфоэпиясы бойынша анықтамалықтарды, сондай-ақ сөз мәдениеті бойынша анықтамалықтарды, практикалық стилистика мен пунктуация бойынша құралдар басып шығару және тарату	млн.тг.	сөздіктер, анықтамалықтар	2020 – 2025 жылдар		М С М БҒМ, Тіл білімі институты (келісу бойынша)	50,0	50,0	50,0	50,0
2.	Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі орфографиясының қағидаларын бекіту		ҚР Үкіметінің қаулысы	2020 жылғы I жартыжылдық		М С М, БҒМ, М О, Тіл білімі институты (келісу бойынша)	талап етілмейді			
3.	Қазақ тілінің латын графикалы негіздегі әліпбиін пайдалана отырып мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұлттық компаниялардың және басқа да ұйымдардың бланкілерін, маңдайшаларын, хабарландыруларын, жарнамаларын, преysкуранттарын, баға көрсеткіштерін, басқа да көрнекі ақпаратын дайындау жұмыстарын қамтамасыз ету		ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар		М С М, мүдделі М О, Ж А О, Ұ К, Ү Е Ү	талап етілмейді			
4.	"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" ҚР Заңына көрнекі ақпарат		заңға өзгерістер енгізу	2020 – 2021 жылдар		MCM	талап етілмейді			

	"Қазақ тілінің ұлттық корпусы" жобасының мәтіндік базасының көлемі (өсу қорытындысымен)	млн. сөз колданысы	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2022 жылдар	МСМ, БҒМ	10	15	30	45
Іс-шаралар									
15.	Қазақ тілі ұлттық корпусының публицистикалық мәтіндерінің кіші корпусын әзірлеу	млн. тг	ашық инновациялық-ақпараттық жүйе құру	2020 – 2025 жылдар	МСМ, "Тіл-Қазына" орталығы	72,0	72,0	72,0	72,0
16.	Елдің мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және дәріптеу жөніндегі іс-шаралар камтамасыз ету	млн.тг.	баспа өнімдері	2020 – 2025 жылдар	МСМ	033108 бюджеттік бағдар			
2. Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту									
Нысаналы индикаторлар:									
	Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	М С М ЖАО	90,5	91	92	92
	Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі	%	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	АҚДМ	74	75	76	76
Міндет:									
2.1. Білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру									
Нәтижелер көрсеткіші:									
	Мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін, оқитын және жазатын халықтың үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	М С М ЖАО	52,5	55,7	59,5	60
	Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушыларын даярлауға көзделген гранттар саны	бірлік	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	БҒМ	500	500	500	500
	Мемлекеттік тілді В2 деңгейінде меңгерген қазақ тілінде оқытпайтын мектеп түлектерінің үлесі	%	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	БҒМ	30	35	40	45
Іс-шаралар									
17.	Мемлекеттік тілге оқытатын мамандарға арналған онлайн іс-шаралар	млн. тг	семинар-тренинг	2020 – 2025 жылдар	МСМ ЖАО	2,6 6,9	2,6 7,4	2,6 7,6	2, 7,

18.	Ересек тұрғындар арасында жаңа әліпби мен емле ережесін меңгерту мақсатында семинарлар, курстар ұйымдастыру	млн.тг.	курстар, семинарлар	2020 – 2025 жылдар	МСМ, мүдделі МО, ЖАО, ҰК	60,8	60,8	60,8	60,8
19.	Барлық адамдарға қазақ тілін үйрену үшін мемлекеттік қолдау көрсету, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жанынан білім беру деңгейлері бойынша тегін курстар ұйымдастыру	млн. тг	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	ЖАО, мүдделі МО, ҰК, ҮЕҰ	545,6	556,9	568,1	568,1
20.	Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшіруді ескере отырып, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогика кадрлар үшін біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру	млн.тг.	курстар	2020 – 2025 жылдар	БҒМ, ЖАО	525,7	537,7	552,0	552,0
21.	Тілдік біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру (ресми хат, көпшілік алдында сөйлеу және шешендік өнер)	млн. тг.	МСМ-ге ақпарат	2021 – 2025 жылдар	БП (келісу бойынша), ҚОА (келісу бойынша)	018 бюджеттік бағдарлам			
				2020 –2025 жылдар	МҚІА (келісу бойынша), МБА (келісу бойынша)	002 бюджеттік бағдарлам			
22.	Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтанушылық және талдамалық зерттеу жүргізу	млн. тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 –2025 жылдар	МСМ	16,5	16,5	16,5	16,5
Міндет:									
2.2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру									
Нәтижелер көрсеткіші:									
	"Қазтест" жүйесі бойынша айқындалатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген								

	мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ ұлттық компаниялар мен ұлттық холдингтер қызметкерлерінің үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 –2025 жылдар	МСМ, БҒМ	35,5	36,0	37,0	38
	Ұлттық стандарт негізінде "Қазтест" жүйесі бойынша айқындалатын мемлекеттік тілді В2 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 –2025 жылдар	МСМ, БҒМ	20,0	25,0	30,0	35
	Ұлттық стандарт негізінде "Қазтест" жүйесі бойынша айқындалатын мемлекеттік тілді С1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдар қызметкерлерінің үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 –2025 жылдар	МСМ, БҒМ	9,0	12,0	13,0	15
Іс-шаралар									
23.	"Қазтест" бағдарламасының негізінде тіл білу деңгейін бақылау жүйесін қамтамасыз ету	млн. тг	МСМ-ге ақпарат	2020 жыл	БҒМ	58,9	-	-	-
24.	"Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткерлерге "Қазтест" жүйесі бойынша шекті мән белгілей отырып, тестілеуден өткізу		МСМ-ге ақпарат	2020 –2025 жылдар	МҚІА, БҒМ	талап етілмейді			
	Мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұлттық компаниялардың, сондай-ақ басқа да ұйымдардың ісқағаздарын жүргізуді латын графикалы әліпбиге көшіру: - құжат айналымының бірыңғай жүйесі,								

25.	<p>ақпараттық жүйелер – 2021 ж. ;</p> <p>- кадрлар бөлімінің, кеңсенің құжаттары – 2022 ж. ;</p> <p>- ішкі құжат айналымы – 2023 ж. ;</p> <p>- сыртқы құжат айналымы, нормативтік құқықтық актілер – 2024 ж. ;</p> <p>- қолданбалы бағдарламалар, есепке алу-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттамалар платформалары – 2025 ж.</p>		МСМ-ге	ақпарат	2021 – 2025 жылдар	МО, ЖАО, ҰҚ, ҮЕҰ	талап етілмейді			
26.	<p>"Электрондық үкімет" шеңберінде электрондық қызметтер көрсетудің барлық деңгейінде қазақ тілінің қолданылуын кеңейтуді және латын графикасы негізіндегі қазақ тілі әліпбиін енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді пысықтау</p>	млн. тг.	МСМ-ге	ақпарат	2023 – 2024 жылдар	ЦДИАӨМ	001 республикалық бюджетте көзделген жағдайда			
Міндет:										
2.3. Ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру										
Нәтижелер көрсеткіші:										
Қазақ тілді БАҚ-ка мемлекеттік қолдау көрсету үлесі	%	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	АҚДМ	52	54	56	58		
Іс-шаралар										
27.	<p>Қазақстанға импортталатын және елде өндірілетін техникалық құралдарда (компьютерлер, пернетақталар және т.б) , сондай-ақ әзірленетін мобильдік қосымшалар мен сайттарда қазақ тілді интерфейстің және қазақ әліпбиі әріптерінің болуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық</p>		МСМ-ге ақпарат		2020 – 2022 жылдар	ЦДИАӨМ, ИИДМ, мүдделі МО	талап етілмейді			

	актілерді әзірлеу және қабылдау								
28.	БАҚ-та балалар мен жастарға арналған мемлекеттік тілдегі бағдарламаларды, жобаларды әзірлеу	млн. тг.	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	АҚДМ	003 республикалық бюджеттен көзделген			
29.	Фильмді Қазақстан аумағында таратуға рұқсат беруге және оны бір мезгілде прокатқа шығаруды талап ететін прокаттық куәлік беру үшін міндетті түрде қазақ тіліндегі дубляжының немесе түпнұсқасының болуын талап етуге бағытталған "Кинематография туралы" ҚР Заңына өзгеріс енгізу		заңға өзгерістер, толықтырулар	2020 – 2022 жылдар	МСМ, мүдделі МО	талап етілмейді			
30.	Фильмдерді мемлекеттік тілге дубляждауды қамтамасыз етуде мемлекеттік қолдау көрсету	млн. тг.	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ	38,1	38,1	38,1	38,1
31.	Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бейнеблоклар әзірлеу	млн.тг.	бейнеблоклар	2020 – 2025 жылдар	МСМ, ЖАО	21,0	21,0	21,0	21,0
32.	Мемлекеттік тілді пайдалануға ынталандыратын бейнероликтер әзірлеу және тарату								
Міндет:									
2.4. Мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік қолдау									
Нәтижелер көрсеткіші:									
	Мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес келетін көрнекі ақпаратты қамту дәрежесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ мүдделі МО, ЖАО, ҰК	70	72	74	76
	Мемлекеттік тілде көрсетілетін телебағдарламалардың үлесі	%	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	АҚДМ	50	50	50	50
Іс-шаралар									

33.	Көрнекі ақпаратты дұрыс жазу бойынша консультациялық түсіндіру жұмыстарын үйлестіру		түсіндіру жұмыстары, еріктілер акциялары, "Сәтті жарнама", "Үздік мандайша"	2020 – 2025 жылдар	М С М , мүдделі МО, Ж А О, " Атамекен" ҰҚП (келісу бойынша) Ұ К , Ұ Е Ұ	талап етілмейді
34.	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтық қоғам институттарына, белсенді азаматтарға, еріктілерге қазақ тілін қолдауға бағытталған акциялар, іс-шаралар, бастамашылық-жобалар өткізуде қолдау көрсету		ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	М С М , АҚДМ, мүдделі МО, Ж А О, Ұ К, Ұ Е Ұ	талап етілмейді
35.	Мәдениет ұйымдарының (театр, кино және басқалары) репертуарын қазақ тіліндегі жаңа контентпен, оның ішінде балалар мен жасөспірім көрермендер аудиториясына арналған шығармалармен толықтыру		ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	М С М , Ж А О	талап етілмейді
36.	Бұқаралық мәдени, спорттық және өзге де қоғамдық іс-шараларды өткізу кезінде мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды қамтамасыз ету		МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	мүдделі МО, Ж А О, Ұ К	талап етілмейді
37.	Кинотеатрларда прайм-таймда қазақ тіліндегі фильмдерді көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау		МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	Ж А О	талап етілмейді
	Халыққа қызмет көрсетудің барлық салаларында (денсаулық сақтау, білім беру және сот ісі ұйымдарында, мәдениет және өнер салаларында, спорт және туризм, банк ісі,					

38.	сауда, қоғамдық көлік, әуе және темір жол коммуникациясы, қонақүй бизнесі, қоғамдық тамақтану салалары мен демалыс орындарында және т.б) тіл туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау		МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	ЖАО, МО	талап етілмейді			
39.	Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалға мониторинг және талдау жүргізу	млн. тг.	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ	4,8	4,8	4,8	4,
40.	Қазақстан халқы тілдері күнін мерекелеу шеңберінде тілдік ортаны дамыту мен құрудың өзекті проблемалары жөніндегі іс-шаралар өткізу, оның ішінде " Мен қазақша сөйлеймін !" акциясы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгергендер арасында "Тіл шебері" республикалық конкурсы	млн. тг	республикалық (өңірлік) конкурстар, семинар-тренингтер, дөңгелек үстел" отырыстары, акциялар	2020 – 2025 жылдар	МСМ мүдделі МО (оның ішінде құқық қорғау органдары мен әлеуетті құрылымдар) , ЖАО, ҰК	көзделген қаражат шегін			
41.	Мемлекеттік тілдің беделін, сұранысын арттыру, сондай-ақ мемлекеттік тілдің қолданылу салаларын (оның ішінде білім беру жүйесінің мектепке дейінгі, мектептік, арнайы орта және жоғары оқу орындары ұйымдарын қамти отырып) пайдалану мен оның қолданылу аясын кеңейтуді ынталандыру және дәріптеу жөніндегі іс-шаралар	млн. тг	мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілетін іс-шаралар	2020 – 2025 жылдар	ЖАО	260,3	266,5	280,6	29
	Мемлекеттік тілде (оның ішінде, латын графикалы әліпби негізінде) инновациялық								

42.	IT-жобаларды, тележобаларды және анимациялық фильмдерді әзірлеу және шығару	млн. тг	жобалар, бағдарламалар, фильмдер (анимациялық)	2020 – 2025 жылдар	МСМ	164,3	149,3	149,3	14
43.	Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған баспа өнімдерін шығару, сондай-ақ олардың электронды нұсқаларын tilalemi.kz, qazlatyn.kz порталдарына орналастыру	млн. тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ	13,5	13,5	13,5	13
44.	Қазақ тілін оқыту бойынша үздік әдістемелерді айқындау, сынақтан өткізу, тарату								
45.	Бизнес-ортада қазақ тілінің латын графикалы әліпбиінің қолданылу деңгейін арттыру бөлігінде қазақстандық кәсіпкерлерді қолдау		интерьер дизайны заттарын, кеңсе заттарын, киім, аксессуарларды және т.б. жасауда мемлекеттік тілді пайдалану	2020 – 2025 жылдар	"Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	көзделген қаражат шегін			
Міндет:									
2.5. Халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту									
Нәтижелер көрсеткіші:									
	Қазақстанда өткізілетін, сондай-ақ шет елдерде қазақстандық дипломатиялық ұйымдастырған халықаралық шараларда қазақ тілінің қолданылу үлесі	%	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	СИМ	50	50	51	52
Іс-шаралар									
46.	Мемлекеттік тілдің халықаралық қызметте қолданылуын қамтамасыз ету		келісімдер, халықаралық шарттар, кездесулер, келіссөздер	2020 – 2025 жылдар	СИМ, мүдделі МО, ЖАО, ҰК	талап етілмейді			
47.	Қазақстанда және шетелдерде қазақ тілін оқыту және ілгерілету үшін "Абай институты" ашық білім беру-танымдық жобасын іске қосу	млн. тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ	37,6	37,6	37,6	37

48.	Шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдеріне ана тілін үйренуде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету	млн. тг	МСМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	АҚДМ, МСМ, СІМ, ЖАО, ДҚК, Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамы" ҚБ (келісу бойынша)	39,1	39,1	39,1	39,1	
49.	Шетелдік университеттер мен орталықтарға, факультеттерге, сондай-ақ қазақ тілін оқыту кабинеттеріне әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету		ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ, СІМ, БҒМ	талап етілмейді				
3. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту										
Нысаналы индикатор:										
	Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ ЖАО	26	27	28	29	
Міндет:										
3.1. Орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданылуы										
Нәтижелер көрсеткіші:										
	Орыс тілін меңгерген халықтың үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ, ЖАО	90	90,2	90,4	90,6	
3.2. Этностық топтардың тілдерін дамыту										
Нәтижелер көрсеткіші:										
	Қазақ және ана тілдерін оқыту бойынша әдістемелік көмекпен қамтылған республикалық этномәдени бірлестіктердің үлесі	%	ҰЭМ-ге ақпарат	2020-2025 жылдар	МСМ, ЖАО	30	32	34	36	
Іс-шаралар										
50.	Славян жазбалары күндерін мерекелеу шеңберінде конкурстар, семинар-тренингтер, "дөңгелек үстел" отырыстарын өткізу		конкурстар, фестивальдер, семинарлар, тренингтер, акциялар	2020 – 2025 жылдар	ЖАО	240,5	250,0	254,3	260,0	
51.	Қазақстан халқының тілдері күніне орайластырылған мемлекеттік және ана тілдерін қолдау және	млн. тг								

56.	шығармаларын басып шығару, сондай-ақ олардың онлайн режимде қолжетімділігін қамтамасыз ету		ҰЭМ-ге ақпарат	2020 – 2025 жылдар	МСМ	033108 бюджеттік бағдар			
57.	Ілеспе аударманы оқыту (қазақ-орыс/орыс-қазақ, ағылшын-қазақ/қазақ-ағылшын) жұмыстарын ұйымдастыру	млн. тг	семинар-тренингтер	2020 – 2025 жылдар	МСМ, мүдделі МО	16,3	-	-	10
Барлығы:						1719,5	1482,1	1496,4	15
						1213,9	1245,0	1278,7	13
						2933,40	2727,10	2775,1	28

* Бюджеттің барлық деңгейлері бойынша шығыстардың көлемі тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңына және жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың шешімдеріне сәйкес айқындалатын (нақтыланатын) болады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ	– Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
"Атамекен" ҰКП	– "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы
АШМ	– Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Әділетмині	– Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
БП	– Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ДҚҚ	– "Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы" республикалық қоғамдық бірлестігі
Еңбекмині	– Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	– жергілікті атқарушы органдар
ЖБ	– жергілікті бюджет
"Зерде" ҰИХ" АҚ	– "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы
ИИДМ	– Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ҚОА	– Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы
МБА	– Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
МҚІА	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
МО	– мемлекеттік органдар
МСМ	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
РБ	– республикалық бюджет

СИМ	– Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
СІМ	– Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
Тіл білімі институты	– А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты
"Тіл-Қазына" орталығы	– "Ш. Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҰАБ	– "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ҰК	– ұлттық компаниялар
ҰЕҰ	– үкіметтік емес ұйымдар
Халықаралық "Қазақ тілі " қоғамы" ҚБ	– Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамы" қоғамдық бірлестігі
ЦДИАӨМ	– Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК